



ИРМ *info*

РЕПРОДУКТИВТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫ



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ


«Бала сүю бақыты »

Тамара Жүсіпәлиева

АЙДАРЫМЫЗДЫҢ ҚОНАҒЫ

«Отбасымыздың өміріндегі
бақытты сәттер»

Нигара Абдуллаева




*Ежедневно Институт Репродуктивной Медицины
делает уверенные шаги навстречу новым
технологиям, чтобы каждая семья в нашей
стране имела возможность стать по-настоящему
счастливой и полноценной*

ИНСТИТУТ РЕПРОДУКТИВНОЙ МЕДИЦИНЫ

приглашает молодых и здоровых женщин и мужчин для участия в программах лечения бесплодия в качестве суррогатных мам, доноров яйцеклеток и спермы

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- возраст от 20 до 35 лет;
- наличие собственного здорового ребенка;
- отсутствие психических, соматических и генетических заболеваний;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- возраст от 18 до 35 лет;
- отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключением медицинской организации



ШКОЛА ЭКО

Уважаемые пациенты! Рады сообщить вам, что возобновлена деятельность школы ЭКО.

Цель Школы – подготовка пациентов перед консультацией репродуктолога, полное информирование о методах вспомогательных репродуктивных технологий, а также о гистеролапароскопии.

Школа ЭКО – это лекция в формате интерактивного урока.

Занятия для пациентов ИРМ проходят на бесплатной основе по предварительной записи.

Расписание Школы ЭКО:

Ежедневно,
по будням.

Место проведения –

конференц- зал, каб. 206, 2 этаж
Преподаватель -
Шахнович Филипп Евгеньевич

Дополнительную информацию можно получить по телефонам::

+7 (727) 234-34-34; +7 (727) 234-37-37

Институт репродуктивной медицины

Алматы, ул.Толстого, 99, уг.ул. А.Байтурсынова

www.irm.kz

Ұйымдық басылым

№6, (22), желтоқсан, 2017

Бас редакторТамара Жүсібалиева,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры**Шығарушы редактор**

Айгүл Бәсен

Дизайн, беттеу

Никифорова Оксана

Меншік иесі: «РМИ» мекемесі**Редакция мекен-жайы:**

Алматы, Төле би, 99

Жарнама бөлімі:Юлия Ахмеджанова
(a.juliya@irm.kz)**www.irm.kz**«Манхэттен Принт» ЖШС
баспаханасында басылған
ҚР, Алматы қ., Кочина, 4,
Тел.: +7 (727) 328 97 43

Таралымы – 2 000 дана

Мерзімдік басылымды есепке қою
туралы №14607-Г күәлігі 31.10.14 ж.
ҚР байланыс және ақпарат агенттігімен
берілгенРедакция авторлардың ойын арқа-
шанда қолдай бермейді. Жарнаманың
мазмұны үшін жарнама берушілер
жауапты. Жарнама берушілер ҚР ДМ
тіркелмеген, рұқсат етілмеген дәрілік
құралдарды және медициналық мақ-
саттағы бұйымдардың жарнамасы
үшін жауапкершілік туралы ескертіл-
ген. Материалдарды қайта басып шы-
ғарғанда "IPRM INFO" сілтеме жасау
міндетті.**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!**

Біздің әлемде адам денсаулығын сақ-
таудың зор мүмкіндіктері барын білгеннің
өзі қуантады. Күн сайын медицинада бір
жаңалық пайда болады. Медицина әрдай-
ым дамып, бірегей жабдықты жасап шыға-
румен және ауруларды емдеудегі жаңа
құралдармен таң қалдырып, ешқашан бір
орында тұрмайды.

Емделушілеріміздің көңілдеріне шын
жүректен ортақ болып, біз де, әри-
не, алдыңғы қатарлы технологиялар-
дан қалыспауға тырысамыз. Біздің
институтымыздың бүкіл жұмысы сіздің ден-
саулығыңыздың мүддесін, аңсаған бала-
лардың дүниеге келу мүддесін көздейді.

РМИ-да соңғы уақыттағы зор оқиға жаңа ЭКҰ клиникасының ашылуы болғанын қуана
айтқым келеді.

Әлеуметтік-медициналық тұрғыдан сондай маңызды нышанды құруға бедеуліктен ем-
делу барысында жоғары технологиялардың көмегіне халық сұранысының өсуі негіз
болды. Қазақстанда сапалы медициналық қызметтерге сұраныс артып, «медициналық
туризм» дамып келеді. Соңғы екі жылда Алматыға жақын және алыс шетелден келген
емделушілердің саны өсті. Осы себептерді ескеріп, ЭКҰ орталығының филиалын ашу
туралы шешім қабылданған болатын. Бұл жоба, бірқатар өндірістік мәселелерді шешуде
көмек және қолдау көрсетуімен Алматы қаласы әкімдігінің қолдауына ие болды.

Жаңа емхананың жобасы барлық заманауи талаптарды ескеріп жасалды және әлемдік
сапа стандарттарына сәйкес болып табылады. Бастапқы кезден-ақ РМИ ұдайы даму және
жетілу қағидаларын ұстанып келеді. Біздің емделушілеріміз оларға бедеулік мәселелерін
шешу жолында үйлесімді үздік көмектің көрсетілетініне нақты сенімді бола алады.

Мен бәріңізге денсаулық және армандарыңыздың орындалуын тілеймін!

Біздің irm.kz сайтымызға және Facebook пен Instagram желілеріндегі парақшаларымызға
кіруді ұмытпаңыздар. Онда сіз соңғы жаңалықтарды, бәрін мазалап жүрген сұрақтар-
дың жауабын біле аласыздар және қажет жағдайда қолдау таба аласыздар. Бізді пайдаға
асыра, рахаттанып оқыңыздар!



**Жүсібалиева
Тамара Мұфтахқызы,
Репродуктивтік медицина
институтының директоры**






Бала сүю бақыты. Сондай қарапайым әрі күрделі: нәрестені өмірге әкелу, оны аялап өсіру, оның әр күніне, алғаш күлгеніне, алғашқы қадамына, алғашқы сөзіне қуанып, қызығын көру...

Өкінішке орай, бала сүю бәріне бірдей бұйырмайды. Статистика бойынша Қазақстанда жалпы отбасылардың ішіндегі бедеу некелердің үлесі қазіргі уақытта 15-тен 17 процентке дейін болып отыр. Бұл олар енді ешқашан ата-ана болмайды дегенді білдіреді ме? Бақытқа орай, жоқ, олай емес. Әйелдердің де, ерлердің де бедеулігін емдеуге болады.

Өткен ғасырдың 70-жылдары пайда болған экстракорпоралды ұрықтандыру (ЭҚҰ) технологиясы бедеулікпен күрес жолында нағыз революция жасады. Жиырма жылдан астам уақыт бойы Репродуктивтік медицина институты медицина саласындағы ең соңғы технологияларды пайдаланып ерлер мен әйелдер бедеулігінің барлық түрлерін сәтті емдеп келеді. ЭҚҰ орталығының 22 жылдық жұмысы нәтижесінде 12000 астам бала дүниеге келді.

2017 жылғы 1 қазанда жаңа ЭҚҰ орталығының – Репродуктивтік медицина институты филиалының салтанатты ашылуы болып өтті. Емхананың ашылуы Алматы қаласының әкімі Б.Қ.Байбектің қатысуымен өтті, ол бедеулікті емдеуге және «отбасы мен неке институтының» сақталуына бағытталған әлеуметтік маңызды жаңа нысанға жоғары баға берді. Сонымен қатар, Алматыдағы жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Б.Ә.Сағинтаев РМИ филиалына келіп кетті. Ол институт қызметкерлерімен танысып, РМИ ғылыми қызметі мен жетістіктері жайлы білді.

Жаңа емхана жайлы сұрақтарға Репродуктивтік медицина институтының директоры *Тамара Муфтахқызы Жүсіпәлиева* жауап берді.



– Тамара Муфтахқызы, РМИ-дің бедеу неке мәселелері бойынша жоғары мамандандырылған және жоғары технологиялы көмек алуға болатын емхана екенін қазақстандықтардың көбі іс жүзінде біледі. Бүгінгі РМИ туралы айтып беріңізші.

Репродуктивтік медицина институты адамдарға ата-ана болу қуанышын сыйлау үшін құрылған. Бұл емханада толық емдеу кешені бар: ЭҚҰ бөлімшесі, цитогенетика және салыстырмалы геномды будандастыру, әйелдер консультациясы, операциялық гинекология, андрология бөлімшесі, ЭҚҰ орталықтарының мамандарын дайындауға арналған дипломнан кейінгі білім кафедрасы, сонымен қатар бұл медициналық ЖОО студенттері мен оқушыла-

ры үшін оқу базасы болып табылады. Біздің көпжылдық тәжірибеміз және ең үдемелі қосалқы репродуктивтік технологиялар бедеулік түрлері үмітсіз отбасыларға дені сау балаларды тууға мүмкіндік береді.

Біздің тиімділігімізді көрсететін бірнеше сан келтірейін. Бүкіл нарықтың 70 % қамти отырып, РМИ жылда 3000 астам бағдарлама орындайды. Бағдарламалардың түрлеріне байланысты нәтижелілік көрсеткіші 42% – 60% болып отыр. Біз бүкіл мемлекеттік тапсырыстың 40 % орындаймыз және квоталық бағдарламалардың сәттілігі 54 % құрайды.


Тиімділікті барынша арттыру мақсатында біз әр түрлі бағдарламаларды орындаймыз. Обструкциялық емес азооспермия кезінде аталық жасушаларды операциялық микроскоп арқылы алу

бойынша Микро-TESE микрохирургиялық операцияларын Қазақстанда алғаш рет РМИ-да жасай бастады. Бұл инновациялық әдіс бедеулік түрі ауыр көптеген ерлерге өз туған балаларын сүюге мүмкіндік берді.

РМИ-дің соңғы жылдардағы ең маңызды жетістіктері деп, репродуктивтік функцияны сақтау мақсатын көздейтін, онкологиялық науқастардың аталық/аналық бездер тінін криоконсервациялау жапондық әдісін енгізуін айтуға болады, ол келешекте, химиялық және сәулелік ем қабылдаған соң науқастарға өз туған балаларын сүюге мүмкіндік береді. Сонымен қатар заманауи молекулалық генетиканың инновациялық әдісі – салыстырмалы геномды будандастыру (CGH) әдісі енгізілді, ол бүкіл 23 хромосома жұбын зерттеу арқылы адамның геномын толық зерт-



Емхана high-tech стилінде жасалған жаңа төртқабатты ғимаратта орналасқан және ол қаланың тыныш ауданында ірі автомобиль жолдарынан алшақтау тұр. Емделушілерге ыңғайлы болу үшін ғимараттың бірінші қабатында күтуге арналған жайлы холл мен ресепшн орналасқан.





Жаңа емхананың репродуктологтар командасы
ҚР Премьер-министрі Б. Сағынтаевпен бірге

осындай емханаларға қойылатын артып келе жатқан талаптар түсіндіреді. Осыларды ескеріп, ЭҚҰ орталығы филиалын ашу туралы шешім қабылданған болатын, бұл емделушілеріміздің біздің қызметтерге қол жеткізуін анағұрлым жеңілдетуге жағдай жасады. Бұл әлеуметтік жоба Алматы қаласы әкімдігінің қолдауына ие болды. Бізге бірқатар өндірістік мәселелерді шешуде қолдау мен көмек көрсетілді.

– Жаңа емхана туралы айтыңызшы, оның ерекшелігі неде?

Медицина бір орында тұрмайды, жыл сайын ғалымдар ауруларды емдеудің жаңа әдістерін ойлап табуда. Демек, заманауи емханаларға қойылатын талаптар да артады. РМИ жаңа емханасының жобасы нақ заманауи бедеулікті емдеу орталықтарына қойылатын әлемдік талаптарды ескеріп жасалған. Жоспарлы шешім мен жобалауды Швециядан келген Каролинска университеті емханасының профессоры Л.А.Левков орындаған. Стокгольм қ. Fertility Unit Karolinska University Hospital бедеулікті емдеу бойынша ұқсас бөлімшесінің жобасы негізге алынған болатын.

Емхананың ерекшелігі операциялық бөлім мен эмбриологиялық зертхананың «таза бөлмелер» болып жасалғанында, олардың температурасы

мен ылғалдылығы тұрақты стерильді ауамен қамтамасыз ететін желдету және микроклиматты қолдау жүйелері жалпы емханадан толығымен оқшауланған. Стерильді болу үшін қабырғалары металл тақталармен қапталған. «Таза бөлмелердегі» мұндай жүйелер жоғары әрі тұрақты клиникалық нәтижелерге жетуге және өсірілетін эмбриондарға шаң мен микробтардың араласуын жоққа шығаруға мүмкіндік береді, ал бұл емдеу тиімділігін еселеп арттырады.

теуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс генетикалық ауру бала туудың алдын алуға мүмкіндік беріп, бағдарламаның оң нәтижелі болу ықтималдығын едәуір арттырады.

Біздің дәрігерлеріміздің тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің және ең жоғары технологиялы жабдықты енгізгеніміздің арқасында РМИ емдеу деңгейі әлемнің озық емханаларының көрсеткіштерінен қалыспайды деп нық сеніммен айта аламын.


– РМИ филиалын ашу идеясы қалай пайда болды? Репродуктивті денсаулық саласындағы нақты қандай өзекті үрдістердің жаңа емхананы ашуға итермелегенін айтыңызшы.

Филиал ашу мәселесі бұрыннан көтерілген болатын. Оның себебі ырықсыз статистика болды. Өкінішке орай, бедеулік Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемде маңызды медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі болып қалуда. Біздің елімізде сапалы медициналық қызметтерге деген сұраныс артып келеді. Тек Алматының өзінде 1000 жуық ерлі-зайыпты жұп ТМҚК аясындағы ЭҚҰ кезегін күтіп жүр. Бұл орайда, шығыны әлдеқайда аз болғанымен, РМИ көрсететін қызметтер шетелдегілерден қалыспайды. Сол себептен, сондай-ақ Қазақстан заңдары бейілді, дәрігерлердің біліктілігі жоғары және заманауи жабдық бар болғандықтан медициналық туризм бойынша

Қазақстанға шетелдерден келушілердің саны едәуір артты. Бізге көмекке жүгініп адамдар жақын шетелден де, алыс шетелден де келеді. Негізінде олар Түркия, Германия, Қытай мен АҚШ-тан келетін жұптар. РМИ қуаты өз кезегін бірнеше айлап күтуге мәжбүр болған емделушілер көптігіне жетпей бастады. Көріп отырғаныңыздай, РМИ емханасы филиалының пайда болу өзектілігін бедеулікті жылдам әрі тиімді емдеуге үнемі өсуші сұраныс, сондай-ақ



Манипуляциялық кабинеттер ыңғайлы гинекологиялық креслолармен және ең жаңа аппаратурамен жабдықталған. Бөлмелерге кіру дербес электронды карталар арқылы электронды рұқсат бойынша іске асырылады. Сонымен қатар, манипуляциялық бөлмелер эмбриология зертханасымен арнайы алыс-беріс терезелері арқылы байланысқан.





Әйелдерді көп ұрықты жүктілік тәуекелінен сақтау үшін ESCO MIRI эмбриоскоп-инкубаторы ойлап шығарылды, онда ұрықтанған аналық жасушалар дамуға қолайлы жағдайда болады және тәулігіне 24 сағат бойы бейнежазбамен бақыланады.

Және де, әрине, тағы бір ерекшелігі емхананың ең жаңа құрал-жабдықпен жабдықталуы болып табылады. Эмбриология зертханасына алты кірістірілген инкубаторы бар Planer (UK) және ESCO MIRI (Singapur) планшеттік инкубаторлары орнатылған. Олар эмбриондарды үздіксіз өсіруге мүмкіндік береді, содан олардың сапасы анағұрлым жоғары болады. Репродуктивті медицинада нағыз революция жасаған соңғы буын өкілі «Time – Lapse ESCO» инкубаторы орнатылған. Кірістірілген камерасының арқасында ол нақты уақыт тәртібінде өмірінің алғашқы күнінен бастап эмбриондардың дамуын бақылауға және қондыру үшін ең сапалысын таңдауға мүмкіндік береді. Ұрықтандыру Olympus IX73 (Жапония) инвертті микроскоптарына орнатылған


Narishige-Takanome ең жаңа микроманипуляторлары арқылы ИКСИ әдісімен іске асырылады. Бұл жабдық ұрықтандыруға жұмсалатын уақытты едәуір қысқартады.

РМИ емханасында емделу адамдарға анағұрлым қол жетімді болу үшін біз қолымыздан келгеннің бәрін істедік дегім келеді. Жаңа орталықта емделушілер ағынын басқару және жасалатын ем әдістерін тіркеу үшін мамандандырылған медициналық электронды жүйе орнатылған. Қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру оңтайландырылған. Енді емделушілер дәрігерге қабылдау кезегін айлап-жылдап күтпейді. Қабылдауды жүргізетін дәрігерге екі мейірбике көмектеседі. Яғни, еңбекті осылай ұйымдастырғанның арқасында дәрігердің емделушімен жұмыс істеуге уақыты көбірек болады.

– Тамара Муфтахқызы, әңгімені қорытындылай келе, РМИ емханасының емделушілеріне не тілейсіз?

Бала сүю деген аңсаған арманға апарар жол қиындыққа толы әрі ұзақ болуы мүмкін, бірақ бұл одан бас тартуға сылтау бола алмайды. Заманауи медицина бақытты ата-ана болғысы келетіндердің бәріне дерлік сол мүмкіндікті беріп отыр.

Мен барлығын біздің емханаға келуге шақыра алатыным үшін шын жүректен қуаныштымын. Бізге балаларды жоспарлаумен байланысты пайда болған мәселелерді шешу үшін ғана емес, басқа себеппен келіңіздер. Біз міндетті түрде сізге бақытты отбасын құруға көмектесеміз!



Эмбриологиялық зертхананы ЭҚҰ орталығының жүрегі деп сенімді айтуға болады. Арманның іске асуы – болашақ сәбидің пайда болуы тап осы жерден басталады. Зертхана ең жаңа озық жабдықпен жабдықталған және мұнда жоғары білікті, тәжірибелі мамандар жұмыс істейді.





Абдуллаева Нигара: «Отбасымы- здың өміріндегі бақытты сәттер»

Мен болашақ күйеуіммен мектепті бітіре салып таныстым. Біз балғын әрі ғашық едік. Тимур маған өте нәзік әрі сыпайы сөз айтып жүрді. Біздің үнемі бірге болғымыз келетін. Біз ұзақ қыдыратынбыз, киноға, кафеге баратынбыз. Бірден бір-бірімізге бауыр басып қалдық. Төрт айдан кейін Тимур мені алып қашты. Бұл 2006 жылғы 4 қазан күні болатын. Ол кезде мен 18 әлі толмаған болатынымын, сондықтан біз қаңтарға дейін күттік те, мен 18 толғаннан кейін дүркіретіп той жасадық. Тойдан кейін біз Түркияға кеттік, бәрі керемет болды, біз өте бақытты едік.

Балалар жайлы біз басында ойламаған едік. Жас кезінде өмірде бәрі ойдағыдай болып жатқандай көрінеді. Алайда, үш жыл өтті, ал мен, біз ешқашан сақтанбасақ та, бала көтермедім. Сонда барып біз себебін іздей бастадық. Алдымен туған қаламыз Шымкенттегі емханаға жүгіндік. Тексерілдік, талдау нәтижелері дұрыс болып шықты. Бірақ мен көтермедім. Анағұрлым сенімді болу үшін тағы екі емханада тексерілдік, онда да бізге денсаулығымыз дұрыс деді.

Бір жылдан кейін қаламызда «Тарарака» деген ЭКҰ орталығы ашылды. ЭКҰ туралы біліп, Тимур екеуміз жасап көруді жөн санадық. Қатты бала сүйгіміз келді. Бірақ орталықта бізді райымыздан қайтарды. Әлі жаспыз, ЭКҰ жасауға көрсеткіштер жоқ деді. Бірақ мен маған диагностикалық лапароскопия жасап, жатыр түтіктерімді үрлеуді ақыры істеттім. Сонда да бәрібір мен көтермедім. Біраз уақыттан кейін бізге инсеминация жасауды ұсынды. Бір рет, екі рет, үш рет істеп көрдік. Нәтиже жоқ! Әрбір сәтсіздіктен кейін көз жасым көл болып, өмірден түңіліп, қатты күйзелдім. Бақытқа орай, әрдайым қолдау көрсетіп, еңсемнің көтерілуіне көмектескен жақындарымыз бар, құдайға шүкір.

Есімізді жиып, өз-өзімізді қолға алып, ерім

екеуміз басқа қалалардағы емханаларға баруды ұйғардық. Астанаға, Қарағандыға бардық. Барған жердің бәрінде дәрігерлер бедеуліктің себебін білмей дал болды. Міндетті түрде балалы болатынымызды айтып, бізді жұбатты. Бірақ оның бәрінен менің көңілім көншімеді. Бала көтеру мен үшін ойдан кетпес идеяға айналды. Ай сайын мен жүктіліктің расталуын күтумен болдым. Үйдің бар жерінде, әр сөмкемде жүктілік тесттері толып жатты. Етеккірім тіпті жарты күнге кешіккеннің өзінде мен он шақты тест жасап, аңсаған сызықтарды көрмей жылайтынмын. Эмоциялық тұрғыдан бұл мен үшін өте қиын кезең болды. Келесі амалым Ташкентке санаторийге бару болды, сонда барып емделіп қайттым. Тағы да ештеңе шықпады. Мен үшін сол қиын-қыстау кезеңде Тимурдың маған көп қолдау көрсеткенін айту керек. Менің жағдайымды көріп, ол өмірдің ең маңыздысы балалар емес деп жұбататын. Тіпті, балаларымыз болмаса да, ең бастысы, біз біргеміз ғой дейтін. Бірақ, мұндай жағдайға душар болған әйелдердің көпшілігі сияқты мен де бізге ажырасу керек деп ойлайтынмын. Некеміздің, көбінесе, ерімнің қолдауы мен қамқорлығының арқасында ғана аман қалғанын қазір түсінемін. Ерімнің сондай төзімді әрі түсінігі мол болғаны үшін мен бақыттымын.


2011 жылы біз уақыт жоғалтпай, ақыры ЭКҰ жасауды ұйғардық. Алматыға РМИ-ға келіп тексерілдік. Зерттеу нәтижелері жақсы болып шықты. Алайда бәрібір маған

1-дәрежелі бедеулік диагнозын қойды, себебі мен некеде болған 5 жылда бір де бір рет бала көтермедім. Менің Вадим Евгеньевич Полумисковқа қатты қаралғым келді. Менің құрбым оған ЭКҰ жасатып, бірден бала көтерген еді. Бұл мені өте жігерлендіретін. Басында бәрі сәтті басталды. Есімде, бірінші рет біз 26 ооцит алдық, одан кейін 22 және 19. Барлығы мен 5 ЭКҰ бағдарламасын жасадым.

Алғаш рет маған 2 эмбрион салды, алайда олар сіңіспеді. Бірақ ол кезде мен түңілмедім, өйткені әлі мұздатылған эмбриондар бар еді. Өкінішке орай, олар өмірге қабілетті болмай шықты. Үмітімді үзбей, жарты жылдан соң мен жаңа бағдарламаға қайта келдім. Бұл жолы да, өкінішке



орай, нәтиже болмады. Менің жігерімнен түк те қалмады. Бойымды қайтадан сенімсіздік билеп, түңіліп кеттім. Бұл жағдайдың менің басыма түскеніне сене алмай қиналдым. Әулетіміздегі әйелдердің бәрі көп балалы еді. Анамда бесеу, әпке-сіңлілерімде үш-төрттен. Әри-





РМИ Айдарымыздың қонағы

не, бәрі мені қатты уайымдады. Есіме түсірсем, көмейіме тас тығылады. Күні-түні жылаумен және тағдырыма налумен өткен бұл бір сұмдық уақыт еді. Мен жиендерімді және жалпы балаларды қатты жақсы көремін және, әрине,



ана болуды жан-тәніммен қаладым.

Вадим Евгеньевич маған үзіліс жасауға кеңес берді. Бүлдіршіндерге қалай да болсын қамқорлық көрсетейін деген ниетпен мен қайырымдылықпен айналыса бастадым. Балалар үйіне тағам, киім, жөргек сатып алып жүрдім. Балаларды керек қылмайтындарға да құдай бала береді ғой, сол тастанды балаларға әйтеуір бір қол ұшын бергім келді.

Бір жылдан кейін тынышталып, сабама келіп, жаңа үмітпен Алматыға қайта келдім. Вадим Евгеньевичтің кестесі тым тығыз болып, мен оған бара алмадым. Ал күткім келмеді. Менің дәрігерім Махмет Қанышұлы Тұмарбеков болды. Мен шайтана бәрін басынан бастадым, біз екі бағдарлама жасадық, бірақ олар да сәтсіз болды.

Мен Алматыда болған соңғы үш жылда бұл қаланы сондай жақсы көріп кеттім, сөйтіп біз Тимур екеуміз ақыры мұнда көшейік деп шештік. Әрине, бұл оңай болмады. Жалдаған пәтерде тұрып, жаңадан бизнес бастадық, бірақ біз ештеңеден қорықпадық – Алматы бізге ұнайтын. Менің күрес жолымда айла-амалдың бәрі де жақсы деген оймен мен дәстүрлі емес медицинаға да бет бұрдым. Пайдасы тиіп қалар ма деп. Қазір есіме алсам, күлкім келеді – апалар мені түрлі жұмыртқамен, балмен емдеді, ішіме неше түрлі зат байлады және, әрине, аздан кейін балалы боламын деп сендірді. Ерім екеуміздің тапқан-таянғанымыздың бәрі сәтсіз бала көтеру әрекеттеріне жұмсалып жүрді. Ақыры мен бұдан шаршадым да, 2014 жылы бәрін доғарамын деп шештім, тура өзіме өзім сөз бердім: енді еш тәулікке де, еш емханаға да бармаймын, енді қайғырып, жыламаймын! Өмір сүру керек және тағдырдың жазғанынан тәуелсіз бақытты болу керек. Балалар туралы ойлауды мен енді әбден уақыты келгенін сезбейінше қойдым. Тайм-аут!

Кәсібім бойынша мен халықаралық визаж-тренерімін. Біз, визажисттер, адамдарды сұлу етеміз. Мен біз әйелдерді әдемі еткенде олардың эмоцияларын көргенді жақсы көремін. Мейлі,

бұл жасанды сұлулық болсын, бірақ әйелге мейк-ап жасағандағы, оның айнаға қарағандағы, оның өзіне өзі ұнағаннан құлпырып кеткендегі көзқарасы, нағыз шынайы көзқарас осы! Сол қиын күндерде маған жұмысым өте көмектесті. Ол мені өмірден түңіліп кетуден құтқарды десе болады. Мен сабақ үйреткенді және қыздармен кәсібімнің құпияларын бөліскенді ұнатамын. Қазіргі уақытта менің бүкіл Қазақстан бойынша шәкірттерім көп. Кәсібімді өте қатты жақсы көремін.

Солдай тағы бір жыл өтті. 2015 көктемінде мен қайтадан бастауға тағы бел будым. Бұл жолы мен Вадим Евгеньевичке әйтеуір бара алдым. Маған осымен бесінші рет ЭКҰ жасады, бірақ алынған эмбриондарды қатырып қойды да, оларды бір айдан кейін қондырды. Мен үйге қайттым да, тиісті 13-15 күнді тыныш қана нәтиже күтумен өткізуге ден қойдым. Күндер өтіп жатты, мен демалып жаттым, ЭКҰ туралы не бар, соны оқыдым. Тек кешкісін есік алдына шығып, таза ауа жұту үшін ғана тұрып жүрдім. Бір форумда Мәскеуден бір қыздың жазғанын оқыдым, ол тесттің екінші, әлсіз көрінетін сызығын (қыздар оны сағым дейді) алтыншы күні көрген екен. Менде, әрине, артығымен бір жиырма шақты тест бар болатын. Тура сол күн қондырғаннан кейінгі алтыншы күн болатын. Мен тест жасадым, ол теріс нәтижелі болды. Аздап өкіндім де, тестті шелекке тастап, бұл әлі ештеңе білдірмейді деп жатып қалдым. Үш сағаттан кейін қайтадан әжетханаға барғым келді. Қондырғаннан кейін кіші дәретке жиі барасың. Тест шелектің бетінде жатқан, содан оны көзім шалып қалды, сөйтсем, жіп-жіңішке, сағымдай сызық әрең көрініп тұр. Некедегі бүкіл тоғыз жыл бойы мен миллион тест жасаған болармын және бір де бір рет, тіпті, осындай жіңішке болса да, сызық көрген емеспін! Мен ол тестті шелектен алып алдым, сенбей, тағы біреуін жасадым – ол да екінші сызықты көрсетті. Білесіз бе, мен қуануға да қорықтым, көзімнен жас аға берді, мен бұл эмоцияларға ие бола алмадым. Айғайлап күйеуімді шақырдым. Ол шошып, менің сонша жылап отырғанымды түсінбей, есі шықты. Мен оған тестті көрсеткенде ол да өз көзіне сенбеді. Біз құшақтасып тек жылай бердік. Ал УДЗ жасайтын уақыт келіп, бізде егіз екенін білгенде қуанышымыз он еселенді!

Жүктілігім өте ауыр өтті. Есепке РМИ әйелдер консультациясының дәрігері Тянь Ирина Ильиничнаға тұрдым. Оның маған сәбилерімді аяғына дейін көтеріп шығуыма көмектескені үшін алғысым шексіз! Бүкіл жүктілік кезеңі бойы менде түсік қаупі болды, өйткені жатырдың кішкентай және жатыр мойнының қысқа болғаны егіздерді көтеріп жүруді қиындатқан еді.

Неге екенін, біз Тимур екеуміз егіздің екеуі де қыз деп ойладық. Біреуіне Арианна деген есімді ойлап қойдық, ал екіншісіне таппай жүрдік. УДЗ-да бір қыз көрінетін, ал екінші сәби кім екенін көрсетпейтін. Алты ай болғанда оның ұл екенін білдік. Басы-



мыздан өткен сонша қиындықтардан кейін тағдыр бізді еркелетті. Атын да бірден ойлап таптық – Арслан.

35 апта болғанда мені перзентханаға жатқызды. Жатыр мойнын тігіс қана ұстап тұрған еді. Бірақ УДЗ балалардың салмағын аз деп көрсетті, небәрі бір жарым килограмнан ғана, қайткенде де әлі кішкене жүре тұру керек болды. Алайда, 36-аптада мен аяқ асты босана бастадым. Босануым да қиын болды, бала жолдасының жағдайына байланысты қатты қан кетті. Менің бір жарым литрге жуық қаным кетті, бірақ, құдайға шүкір, аман қалдым. Балалар сапсау туылды және туа салысымен қасымда болды. Арсланның салмағы 2400, ал Арианныңкі 2050 болды.

Мен бұл сезімді – екі ғажап баланың анасы болғандағы, оларды кеудеме қысып, осы тоғыз жыл бойы бала көтерем деп қайта-қайта талпынғаным, осы босағандағы жанымның қиналғаны бекер болмағанын түсінгендегі сезімді сөзбен жеткізе алмаймын. Перзентханадан шығып, үйге келгеніміз, балалардың керек-жарағын алғанымыз, олардың алғашқы күлгендері, алғашқы қадамдары, алғашқы фотосессиялары – мұның бәрі отбасымыздың өміріндегі ең бақытты сәттер.



Отбасымыздың атынан орталықтың бүкіл ұжымына шексіз алғысымызды білдіремін. Бұл өте жанашыр және мейірімді адамдар. Осындай игі істі атқарып жүргені – адамдарға бақытты ата-ана болу мүмкіндігін беретіні үшін РМИ-ға рахмет! Өмірдегіңіз ең бастысы сол.